

МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының

өзін-өзі бағалау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2024-2025 оқу жылы

МККК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында 2024-2025 оқу жылында жүргізілген оқыту және тәрбиелеу жұмыстардың талдау есебі

2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-28, оның 7 (25%) жоғары білімі бар, жоғарғы мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 11 (40%) педагог, арнаулы орта-5 (18%), мектепке дейінгі арнаулы орта-5 (18%) қызмет етеді. 20 (72%) педагогта біліктілік санттары бар. 2024-2025 жылдары 6 педагог қайта даярлау курстарынан өтті, 5 педагог біліктілік санатын арттырды. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады.

Материалдық-техникалық базасы.

Жоба қуаттылығы - 280 орын. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, электрондық өткізу жүйесі (турникет), бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (26 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндіктері шектеулі келушілер үшін №39 "Достық" бөбекжай-балабақшасының аумағында және ғимаратында арнайы жағдайлар жасалған: пандус, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары, мнемотаблицалар, сигналдық белгілер, кең кіреберістер (1,5м) жасалынды, дәретханалардағы арнайы құрылғылар. Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен 03.03.2022 жылда бекітілген әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің кедергісіз орта Паспорты бар. 20 педагог инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. 10 топта 43 дюйм үлкен SMART теледидар, музыка залында ИНТЕРАКТИВ тақта орнатылған, денешынықтыру залы, қазақ тілі, әдістемелік, психолог кабинеттер техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. 2023 жылы жанартылған Мемлекеттік стандарт пен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің» талаптарына сәйкес "Кітапқұмар" кітапханасы жұмыс жасайды. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңдестірілген 5-рет тамақтануы ұйымдастырылған. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың денсаулығын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экологиялық аймақ: шыршалар, бақша, гүлзарлар экологиялық тәрбие беруге қызмет көрсетеді.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 14 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:

2024-2025 оқу жылында барлығы 28 педагог жұмыс атқарады:

Жоғары білімді- 7 педагог (25%)

Жоғарғы мектепке дейінгі-11(40%)

«Арнаулы орта » мамандығы бойынша-5 (18%)

Мектепке дейінгі арнаулы орта білім-5(18%)

Сапалық құрамы бойынша:

Педагог-зерттеуші-1(4%)

Педагог-сарапшы-5 (18%)

Педагог-модератор-14(50%)

Педагог-8(29%)

Білімі бойынша педагогтар

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Мектепке дейінгі жоғары	Арнаулы орта білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Пед. жоқ	білімі
2024-2025	28	7-25%	11-40%	5-18%	5-18%	-	
2023-2024	26	14- 54%	8-31%	3-11%	15-44%	-	
2022-2023	26	17-50%	10-29%	4-12%	10-38%	-	

Біліктілік санаты бойынша педагогтар

Оқу жылы	Педагогтар саны	Басшы-көшбасшы	Жоғары	1-ші	2-ші	Педагог-модератор	Педагог - сарапшы	Педагог зерттеуші	Педагог
2024-2025	28	-	-	-	-	14-50 %	5-18%	1-4%	8-29%
2023-2024	26	1-4%	-		1-4%	5-16%	2-8%	1-4%	50%
2022-2023	26	1-4%	-	3-11%	5-19%	3-11%	1-4%	1-4%	3-11%

Біліктілік санаттарының көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы: 26 педагогтан санаты бар 20 педагог (72%)

2023-2024 оқу жылы: 26 педагогтан санаты бар 18 педагог (69%)

2024-2025оқу жылы: 28 педагогтан санаты бар 15 педагог (60%)

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік» орталығы	Басқа курстар
2024-2025	28	5	4	-
2023-2024	26	6	5	-
2022-2023	26	5	-	-

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру соның ішінде:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 280 орын 10 топ. Қазіргі таңда 280 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті darabala.akt.kz сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- Жарғысына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Оқу жұмыс жоспарларына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- перспективалық жоспар
- апталық циклограмма
- балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған **апталық жоспар (циклограмма)** жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген.

Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті жүзеге асырудағы оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

2024-2025 оқу жылы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

-ойын арқылы оқыту;

-түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, енбек, дербес) балаларды дамыту.

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасының мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Сонымен қатар, балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етеді. Үлгілік бағдарлама Стандарт талаптарына сәйкес: «Құзіреттілік дамытушы орта», «Біртұтас» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар. Балабақшада ата-аналармен қарым- қатынас жақсы қалыптасқан. Балабақша жас натуралистер станциясымен, Ә.Молдағұлова мұражайымен, мектептермен тығыз байланыста жұмыс істейді. Барлық кездесулер қызықты саяхаттар, квест-ойындар түрінде өтеді, бұл балалардың мектепке психологиялық дайындығының қажетті деңгейін қалыптастырады. Топтарда дамытушы орталарында сюжеттік рөлдік ойындардың құрал жабдықтары, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар, театрлық іс әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көленкелі театрларының атрибуттары жинақталған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары бар. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу мақсатында түрлі іс-шаралар

ұйымдастырылады. Жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар балалардың тұлға болып қалыптасуына бағытталады. Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сәйкес өткізіледі. Түрлі мерекелік іс-шаралар, эстафеталық жарыстар, дөңгелек үстелдер мен психологиялық тренингтер, кеңестер ұйымдастырылып, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Бөбекжай-балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізіліп, хаттамалары жазылған.

Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Бөбекжай -балабақшада әдістемелік бөлме және «Кітапқұмар» бөлмесі заман талабына сай әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Бөбекжай-балабақшада әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі.

Атап айтатын болсақ, БҚО облысының педагогтарымен тәжірибе аламасу мақсатында дөңгелек үстел өтті. Және де жоспар бойынша балабақшамызға бекітілген қалалық өсу нүктесі: №26, №38, №36, №4 балабақшаларында педагогтеріміз өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Және де республикалық «Өрлеу» біліктілік арттыру, Ерте дамыту институты жоспарларына сәйкес педагогтарымыз екі күндік практикалық семинарда өз тәжірибелерімен бөлісті.

Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Бөбекжай-балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Бөбекжай-балабақшаның топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен камтылған. Қосымша әдебиеттер саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, қалалық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды. Сонымен қатар бөбекжай-балабақша педагогтары іс-тәжірибе алмастыру үшін өздерінің құрастырған әдістемелік құралдары мен электронды ортасы бар.

2024-2025 оқу жылының педагогикалық ұжым жұмысын қорытындылайтын болсақ, бала саны: 280, педагогтар саны-28. Оқу жылы жаңа нормативтік құжаттармен басталды. Мемлекеттік стандарт типтік үлгілік жоспар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен барлық нормативтік-құқықтық құжаттар мектепке кейінгі тәрбие мен әзірленген.

Бүгінгі күнге дейін балабақша педагогтарымен барлық жас топтары үшін перспективалық жоспарлар әзірленген циклограммалар құрастыруда. Ақтөбе облысы әдістемелік орталығынан менгеруші Г.Т. Амирова құрмет грамотасымен марапатталды. Әдіскер Д.Қ. Жакаева Ақтөбе облысы әдістемелік орталығынан әдістемелік құжаттарды әзірлеу жөніндегі жұмыс табындағы нәтиже: үшін Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық «Үздік ұйымдастырылған іс-әрекет-2025» байқауының жоғары нәтиже көрсеткені үшін Дүйсенқұлова Г.Р., Көшерқызы А. II дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жаңа оқу жылдың басында барлық топтарда ата-аналар әртүрлі форматта жиналыстар өтті. Ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Мемлекеттік стандартқа оқу бағдарламаға, үлгілік оқу жоспарына енгізген өзгерістер туралы, тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, қолайлы қауіпсіз орта құру және НКА талаптарын жүзеге асыру мақсатында толық ақпарат берілді.

2024 жылы 1 қыркүйекте ересек, мекепалды даярлық топтарында «Білім күні» аталып өтті. Қазан айында Республика күніне орай балабақшада балалармен тақырыптық әңгіме жүргізілді. Қарттар күніне және Ұстаздар күніне ұстаздарды құрметтеу, еңбегін бағалау, Ұстаз мәртебесін көтеру мақсатында балабақша педагогтары №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасынан зейнетке шыққан қызметкерлерді құттықтап, мерекелік кеш сыйлады. Барлық жас ерекшеліктегі топтарда «Алтын күз» ертеңгілігі ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Балалардың креативтілік дағдыларын дамыту бағытында ата-аналарымен бірге жасаған заттарынан «Күз сыйы» тақырыбы аясында шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды.

Шығармашылық көрмеге 10 топтың балалары қатысты, ең үздік жұмыс нәтижелері Дипломмен мадақталды.

Қазанның бірінші аптада жылдық жоспар бойынша спорттық, музыкалық және т.б іс-шаралар өткізілді. Оның ішінде қалалық әдістемелік кабинетінің жоспары бойынша барлық топтарда «Шырпы балаға ойыншық емес» тақырыбында әңгіме сабақтар, интеллектуалдық дидактикалық ойындар өткізілді. Республика күніне дене шынықтыру жетекшілері А.Б.Телгарин, А.М.Горевой «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» атты спорттық жарыс өткізді. Облыстық спорт мектебінде «Әкем, шешем және мен» спорттық эстафеталық жарысқа тенниспен айналысатын тәрбиеленушілерді қатыстырды.

Жас мамандар мектебі жұмысының жоспарына сәйкес іс -шаралар жүргізілді. Балабақшаның тәжірибелі педагогтары Дауева А.З, Дүйсенқұлова Г.Р, Засорина В.А, Ажмуратова Н.М. Биманова Д.Т. Телғарин А.Б шебер класс көрсетіп, озық тәжірибелерімен бөлісті. Жас маман мектебі жұмыс жоспарына сәйкес ашық қаралымдар өтті. Педагогтар Кайсанова А.Н. Горевой М.А. К.Н.Тлегенова, Қожас А.Б, Науан М.О., Шаврук К.А. ұйымдастырылған әрекеттерін көрсетті.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі «BILIM QAZYNA» жоспарына сәйкес педагогтар қалалық семинарға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті: Ертазина Н.Б. Науан М. О. Шаврук К.А. және де педагог-психолог А.Р. Устабаева өз тәжірибесімен бөлісті.

Ақтөбе қаласының білім бөлімі «BILIM QAZYNA» жоспарына сәйкес «Мектеп жасына дейінгі балаларды шағын футбол ойнауға үйрету» тақырыбында Горевой М.А. өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, қалалық балабақшалар дене шынықтыру нұсқаушылары арасында №40 жалпы білім беретін орта мектебінде Футбол жарысын ұйымдастырып өткізді. Мамыр айында №33 «Нұрсәт» бөбекжай-балабақшасында қалалық балабақша тәрбиеленушілері арасында «Кіші футбол» жарысын ұйымдастырып, өте жоғарғы деңгейде өткізді.

Балабақшалар арасында ұйымдастырылған «Жыл тәрбиеші-2025» қалалық байқауында тәрбиеші Махатова А.Қ. «Педагогикалық ізденіс пен шығармашылық» номинациясымен марапатталды.

Мектепалды топ, ересек топтарындағы тәрбиеленушілеріміз «Бала тілі -Бал» телеарнасына сұхбат берді.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің арасында өткен «Хормен ән салу» қалалық байқауында бөбекжай-балабақшамыз «Талантты ұжым» номинациясына ие болды.

Желтоқсан айында Минни Теннис үйірмесіне қатысатын тәрбиеленушілер Облыстық теннис турниріне қатысып, 6 тәрбиеленуші мен жетекшісі Телғарин А.Б. Дипломдармен мадақталды және де ақпан айында өткен кезекті турнирде де 5 бүлдіршін Дипломдармен марапатталды. Сәуір айында өткен теннисте бір бүлдіршін 1-ші орынды иеленіп, 16 бала «Қызыл доп» куәліктерімен марапатталды.

Желтоқсан айында «Асық ату» федерациясы және қалалық білім бөлімі «BILIM QAZYNA» жоспарына сәйкес «Асық ату» сайысында микротоп арасынан тәрбиеленушілеріміз жоғарғы дәрежеде ойындарын көрсетіп, қалалық кезеңі балабақшамызда ұйымдастырылып өткізілді.

Жылдық жоспарға сәйкес «Біртұтас» тәрбие бағдарламасы бойынша, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ал, қанекей әжелер!» ұйымдастырылып өткізілді. Сайыс төрт кезеңнен тұрды. Жеті әже сайысықа түсті.

1 наурыз Алғыс айту күні қарсаңында балабақша бүлдіршіндері жақындарына алғысын видео ролик арқылы жеткізді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, мектепалды топ тәрбиеленушілеріміздің видео құттықтаулары Облыс білім басқармасының инстаграмына жарияланды. Және «Бәйтерек» мектепалды тобы қалалық мәдениет үйінде өнерлерін көрсетіп, тәрбиешісі Тлегенова К.Н. алғыс хатпен марапатталды.

22 наурыз Ұлыстың ұлы күні жылдық жоспарға сәйкес салт-дәстүрлер «Дәстүр FEST» сайысы өткізіліп, топ тәрбиешілері дипломдарға ие болды.

1 мамыр ҚР Халқының бірлігі күні қарсаңында барлық топтарда тақырыптық әңгіме жүргізілді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне «Асылтас», «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы балаларының қатысуымен музыка залында мерекелік кеш өткізілді.

Биылғы оқу жылында «Бәйтерек», «Асылтас» мектепалды топтары балабақшамен қоштасу кешін ойын -сауық түрінде жоғары деңгейде өткізді. Балалар ойындар арқылы бар білім, білік, меңгерген дағдыларын көрсете білді.

«Таланттар сыр шертеді» атты Республикалық балалар мен шығармашылық байқауында «Көркем сөз» номинациясы бойынша «Бәйтерек» тобының тәрбиеленушісі Амандық Айтөре І дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Республикалық ғылыми -әдістемелік орталығының №514 бұйырығы негізінде ұйымдастырылған «Қыс ғажайыптары» атты сурет, қолдан жасалған бұйымдар және фотосурет байқауынан Дүйсенқұлова Г.Р Ажмуратова Н.М Тлегенова К.Н. Дипломдармен марапатталды.

Республикалық «Мәңгілік ел жастар» қоғамдық қоры №514 бұйырығы негізінде мектепалды топтар арасында ұйымдастыруымен «Мұқағали Макатаев оқулары», «Ақылды балақай» шығармашылық байқауларына К.Н.Тлегенова өз тәрбиеленушілерімен қатысып, Дипломдармен, Алғыс хатпен марапатталды.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыру» тақырыбындағы біліктілік арттыру курсының практикалық бөлімі өткізіліп, шығармашылық жұмыспен төмендегі аталған педагогтар қатысты - Н.М.Ажмуратова, К.Н. Тлегенова, Н.Б. Ертазина, А. Көшерқызы, А.Р. Устабаева, М.А. Горевой, Э.А. Толқымбекова, В.А. Засорина, А.Қ. Махатова, А.Б. Телғарин, А.З. Дауева, Д.Қ Жакаева

Қалалық білім бөлімі Алғыс хаттарымен төмендегі педагогтар марпатталды. Ертазина Н.Б., Жакина Г.А.,Шаврук К.А. Умиралиева М.Р., Махатова А.Қ.

Бірінші жартыжылдық тапсырма «Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік тілдік, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын театр түрлері әрекеттер арқылы дамыту» бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілді. Топтарда заттық дамытушы орта ұйымдастырылды. Театрдың бірнеше түрі жасақталды. Әр топта балалардың жас

ерекшеліктеріне сәйкес кітап бұрышында ертегілер жинағы жасақталды. Балалардың бос уақытын ұйымдастыруда театр түрлері кеңіннен қолданылды. Бірінші жартыжылдық тапсырма бойынша тақырыптық тексеру жүргізіліп «Жаксы» педагогикалық ұжым жұмысы жақсы деген баға қойылды.

Екінші жартыжылдық тапсырма «Мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігі мен қоршаған ортаны танып білу дағдыларын ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті, тәжірибелік-эксперименттік, жобалау-зерттеу әрекеттер арқылы жүзеге асыру» бағытында балалармен, ата-аналармен жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі жастағы балалармен зерттеуге негізделген ойын әрекетін ұйымдастыру, қоршаған ортадағы заттардың табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін зерттеп, тануға үйрету көзделді. Пәндік дамытушы ортасын пайдалана отырып, балалардың тәжірибелік-эксперименттік және жобалық-зерттеу қызметі арқылы танымдық дағдыларын дамыту қолға алынды..

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталынды. Өткен оқу жылында перспективалық жоспарларында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген.

2024-2025 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізілді.

Әдіскер  Д.Қ. Жакаева